

*Осы аударма ресми
ауарма болып
табылмайды*

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

8 қараша 2023 жыл

№: AIFC-C/SCC/2023/0022 ic

«AURORA GEOPHYSICS LTD» ЖЕКЕ КОМПАНИЯСЫ

Талап қоюшы

қарсы

METEOR MINING COMPANY KZ (CONDUIT 21) LTD-ға

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Том Монтагю-Смит КС

БҰЙРЫҚ

1. **Жауапкер Талап қоюшыға 47 322 067 теңге мөлшеріндегі соманы 2023 жылғы 22 қарашада сағат 16:00-ге дейін төлеуі тиіс.**

ШЕШІМ

1. Осы талап қоюда Талап қоюшы геофизикалық қызметтер көрсетуге арналған 225AG-2021, 252AG-2021 ЖӘНЕ 253AG-2021 нөмірлі үш шарт ("Шарттар") бойынша өзіне тиесілі сомаларды төлетуді талап етеді. Шарттарға сәйкес Талап қоюшы Қазақстанның Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы әртүрлі учаскелерде геофизикалық зерттеулер жүргізуге міндеттенеді. Біріншісі 2021 жылдың 1 қыркүйегінде жасалды және 2021 жылдың 28 қыркүйегінде өзгертілді. Қалған екі Шарттың күні жоқ, бірақ Талап қоюшының айтуынша, 2021 жылдың 22 қазанында жасалған.
2. Шарттардың талаптары бойынша Жауапкер қызметтер үшін 43 020 061 теңге жалпы сомасын мынадай түрде төлеуге міндетті болды:
 - a. 225AG-2021 шарты бойынша (өзгерістерге сәйкес) - 16 061 661.54 теңге;
 - b. 252AG-2021 шарты бойынша - 17 864 000 теңге
 - c. 253 AG-2021 шарты бойынша - 9 094 400 теңге.
3. Шарттардың 3.1.1-тармағына сәйкес Жауапкер төленуі тиіс соманың 40%-ын Шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде төлеуі тиіс болған. Кейінгі төлемдер Тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойған сәттен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде жасалуы тиіс.
4. Шарттардың 6.3-тармағына сәйкес, төлемді кешіктіргені үшін Жауапкерге мерзімі өткен әрбір күнге Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы, бірақ 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл есептелді.
5. Шарттарда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының соттылығы туралы ескертпе бар болды.
6. 2022 жылғы 14 сәуірде тараптар Шарттардың әрқайсысы бойынша орындалған жұмыстар актісіне қол қойды. Актіде көрсетілген сома әрбір жағдайда Шарттың жоғарыдағы 2-тармақта көрсетілген толық сомасын құрады. Алайда, осыған қарамастан, Жауапкер орындалған жұмыстарға ақы төлемеген.
7. 2023 жылдың 16 маусымында Талап қоюшы Жауапкерге өзінің талаптары көрсетілген хабарлама жіберді. Хабарламада Шарттар бойынша төленуі тиіс сомалар және Жауапкердің жұмыс нәтижелерін қабылдағаны туралы ақпарат көрсетілген. Төлемді 5 жұмыс күнінің ішінде жасау қажет болды. Хабарламаға екі тарап та қол қойды. Шамасы, хабарламаға Жауапкер тарапынан қол қойған адам "Күтіліп отырған жеткізілімдер (яғни түпкілікті геофизикалық есептер) ескеріле отырып расталды" деген сөздерді қосқан.
8. Хабарламаға жауап ретінде төлем жасалмаған. Нәтижесінде Талап қоюшы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа талап арыз берген. Алайда, сот талап қоюды сот қарауына жатпайтындығы себепті қабылдамай тастап, екі тарап та АХҚО қатысушылары болып табылғандықтан, істі АХҚО соты қарауы тиіс деп қаулы еткен.
9. Осыған байланысты Талап қоюшы АХҚО сотына осы талап арызбен жүгінді.

10. Жауапкер Қарсылық берді. Онда Жауапкер Талап қоюшы Жауапкердің төлейтін қаражаты жоқ екенін білген кезде, жұмыстарды орындауды ұсынған деп отыр. Шарттарға кейінірек, жұмыс аяқталғаннан кейін қол қойылған деп мәлімделеді. Жауапкер жұмыстар Covid-19 нәтижесінде екі тараптың да қызметі шектелген уақытта жүргізілгенін айтады.

Жауапкер Талап қоюшыдан дайын есептер алған жоқпын деп және өзі тараптардың "өзара ынтымақтастығынан" "қайтпаса да", ынтымақтастық "шартты түрде болған және "Метеор" бастапқыда ойлағандай, бізге қаржыландыру алуға көмектесетін есептер "Метеорға", оның «ең құрығанда» қарастыру мүмкіндігі болуы үшін берілуін талап еткен» деп санайды.

11. Қарсылықтың қандай да бір нақты дау тудыру мақсаты бар-жоқ болғаны түсініксіз болды. Осыған байланысты, 2023 жылдың 28 қыркүйегінде мен Жауапкерге не дауланатынын және не дауланбайтынын көрсете отырып, талапқа кез келген қосымша немесе өзгертілген қарсылықты, сондай-ақ Жауапкерсүйенетін кез келген құжаттарды беруді тапсырдым. Жауапкерден жауап болмады. Талап қоюшы бұл нұсқауға жауап беріп, ол үшін тыңдау өткізілмей, қысқартылған іс жүргізу шеңберінде шешім қабылданғаны жақсырақ екенін атап өтті.
12. АХҚО сотының 28.39 қағидасына сәйкес, АХҚО соты талап қою бойынша шешімді тыңдаулар өткізбей қабылдай алады. Мен осы жағдайда бұл орынды деп санаймын. Жауапкерге қарсылық беру үшін және оларды қолдайтын дәлелдерді ұсыну үшін барлық мүмкіндіктер берілді, бірақ ол тек қарсылық берді.
13. Мен Қарсылық осы талап қою бойынша қарсылықтарға негіз бола алатын қандай да бір мәселелерді қозғайды деп санамаймын.
14. Жауапкер Шарттарды жасасқанын мойындайды. Бұл "шартты түрде" есеп беру болды деген мәлімдеме толығымен түсінікті емес. Қисындысы, Шарттардың өздері есеп берумен байланыстырылмаған. Есеп беру - Шарттардың пәні болды. Төлемдер де байланыстырылмаған. Шарттың талаптары төлем мерзімдерін анықтады. Жауапкер жұмыстарды орындау туралы актіге қол қойды және талап қоюды, "орындалмаған міндеттемелермен" болса да, мойындады. Есептердің тапсырылған-тапсырылмағаны маған белгісіз. Алайда, олардың жеткізілгені әлде жеткізілмегеніне байланыссыз, Шарт бойынша сома төленуі тиіс еді.
15. Осы мән-жайларды ескере отырып, мен мәлімделген сомаларды Жауапкер Талап қоюшыға, сөзсіз, төлеуі керек деген қорытындыға келдім және тиісті бұйрық шығардым. Сомаларды төлеу мерзімі 100 күннен астам уақытқа кешіктірілген. Нәтижесінде, әрбір Шарттың 6.3-тармағына сәйкес, 10% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы есептелді.
16. Мұндай мән-жайларда Жауапкер Талап қоюшыға барлық мәлімделген соманы, атап айтқанда 47 322 067 теңгені төлеуге міндетті, ол мыналардан құралады:
- a. Шарттар бойынша төленуі тиіс негізгі сомалар - 43 020 061 теңге; және
 - b. Шарт сомасының 10%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, бұл 4 302 006 теңге құрайды.
17. Мәлімделген жалпы сома 47 325 067 теңге құрады. Талап қою сомасы Шарттар бойынша төленуі тиіс жалпы сомадан неліктен 3 000 теңгеге артық екені маған түсініксіз. Бәлкім, бұл Талап қоюшының арифметикалық қателігінің нәтижесі болар.



Талап қоюшы өзінің осы талап арыздан туындайтын шығыстары туралы мәлімдеді. 3 000 теңге қосымша сома осымен байланысты болуы мүмкін. Алайда, мен шығыстарды өтеу туралы талапты растай алатын ештеңе көрмедім, ал шығыстар әдетте Ұсақ даулар сотында өтетуге жатпайды. Осы мән-жайларды ескере отырып, мен тек Шарттар бойынша төленуі тиіс сомаларды ғана беруге үкім шығарамын.

Сот қабылдады,

Том Монтагю-Смит КС,

Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан Нариман Омаров мырза өкілдік етті, өкіл, Aurora Geophysics Ltd., Астана, Қазақстан

Жауапкер атынан Мете Хамза опас мырза өкілдік етті, Бас директор/директор, METEOR MINING COMPANY KZ LTD., Астана, Қазақстан